



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«FACE ID»: ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА ЖОЛ ЖОҚ

Балабақша – балалық шақтың бақытты мекені іспетті. Мұндағы балалар қауіпсіз ортада болуы қажет. Қазіргі уақытта аймақтағы балабақшалардың көбі қауіпсіздік құрылғылармен қамтамасыз етілген. Сондай жанашылдықтың бірі – арнайы «Face ID бақылаудың» орнатылуы.

Өткен жылдан бері балабақшаларға Face бақылау орнатыла бастады. Балабақшаны бақылауға алудың басты міндеті – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бюджет қаражатының мақсатты түрде жұмсалып қалмауы еді. Себебі соңғы жылдары балабақшаға тіркелген бала саны мен келушілер санының арасында айырмашылық байқалған. Сондықтан осы мәселенің шешімі ретінде балабақшаларға «Face-бақылау» жүйесін енгізу таңдалды. Сканерлеу жүйесі енгізілген бөбекжайларда тәрбиешілер әр баланы смартфонға суретке түсіріп, оны арнайы бағдарламаға жүктейді. Бұл балалардың балабақшаға келгенін растап, жалған ақпараттың жолын кеседі.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025 АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

МАҚТАНШАҚ, БЕКЕР МАЛ ШАШПАҚ...

Қымбатшылық қос бүйірден қысты десеек те, данғазалықты тия алмадық. Шектен шыққан мал шашу, мақтану бізді кедейшілікке әкелді.

Қазір қазалы үй қыршынын жоқтауды, марқұмды жайлы орнына жайғастырып, құран шығаруды екінші орынға ығыстырып, көңіл айтып келген адамға, қайнатылатын қазанның қамына аландайтын дәрежеге жетті. Бұл қамсыздықтан емес, парқысыздықтан болған кесел. «Қара қазан, сары баланың қамы үшін» деп атқа қонған бабаларымыз мұндай ысырапқа жол беріп пе еді?! Тіпті өмірден өткен кісінің «мойнында қарызы бар ма еді?» деп қалың қарашаға сұрау салатын. Бұл нені білдіреді? Ар-иманның саулығынан, обал-сауаптан хабар береді. Ал біз ғасырдан-ғасырға ата дәстүр аманаттаған сол рәсімнен аттап, кісіні жөнелту үшін банктен несие алып, қарызға бататын халге жеттік.

Дана Абай өз заманында қазақтың бойындағы жаман қасиеттерді қалай сынаған десеніңізші.

Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол,
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге жоқтау салады ол?
Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазак.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.
Абай философиясының терендігі сол, бойымыздағы осы бір бойкүйездікке салынып, барымызды рәсуә кып шашып, болашағымызды ойламайтынмызға күйінеді.

4-БЕТТЕ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ, САПА ҚАЛАЙ?



Қыс мезгілі болса да қалада қарбалас тіршілік. Күн сайын биіктей түскен жаңа нысандар алыстан менмұндайды. Зәулім ғимараттар қатары келер жылы да толығы түспек.

Қала әкімі Нұржан Ахатов БАҚ өкілдерімен бірге қаладағы бірқатар құрылыс нысандарын аралады. Ондағы мақсат – құрылыс барысын бақылап, жұмыс сапасына баға беру. Қала әкімі барған алғашқы нысан – сол жағалауда салынып жатқан жаңа спорт кешені болды. 10 мың адамға арналған стадион құрылысын бас мердігер «ВД Строй Инжиниринг»

ЖШС жүргізуде. Нысанды келер жылдың мамыр айында аяқтау жоспарлануда. Құрылыс жұмысына жергілікті бюджеттен 20,9 млрд теңге қаражат бөлінген. Стадион ғимараты 300-ге жуық автотұрақ алаңы, 4 автобуска арналған автотұрақ, жылу қазандығы және кокыс төгетін орынмен қамтамасыз етіледі.

2-БЕТТЕ

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы туралы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында айтты. Бұл жоба білім саласындағы бірқатар мәселені шешуге бағытталған. Апатты мектептерді жою, үш ауысымды мектептер мен оқушы орындарының тапшылығын шешу.



Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жобаның игілігін Сыр жұртшылығы сезіне бастады. Осыдан екі ай бұрын сол жағалаудан №290 орта мектеп пайдалануға берілді. Көпшілік асыға күткен жайлы мектеп қандай артықшылығымен ерекшеленбек? Оқу ордасының жайы қалай? Оқырмандарға жайлы мектеп туралы кеңінен ақпарат беру үшін жаңа білім ордасына арнайы бардық.

3-БЕТТЕ

ҚЫС ЕРКЕЛІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ



«Қар жауды деп қуанба, артынан келер ызғары» деген қазақ таяқтың екі ұшы барын айқын аңғартқан. Көктем төмен құлайтын ақ ұлпасы сағындырып барып бір-ақ келетін Ақмешіт төрінде қар жауған сайын бөркімізді аспанға атқанмен, оның қатерін де көріп жүрміз. Әлбетте, сақтанғанды ғана сақтайтыны санада сақталмаса, қиыны сол. Сол жағалау көпірінің үстінде 10-15 көлік бір мезетте соқтығысқанын көз көрді. Жаға ұстасақ та, жанымызды шүберекке түйіп, шетелдік көліктің тізгінін еркіне жіберген кездер де жоқ емес.

Тізгіндегі минивэнді ақырын-ақырын жолға салдым. Кешегі жылы күн райынан еріген қар суға айналып, түнгі суықпен қатып үлгерген. Артынша сол қатқан мұздың үстіне жаңадан жауған қар түсті. Міне, еңқиыны – осы. Көлік шіркін, шанадай сырғанап жөнелді. Қыстық донғалаққа қарап тұрған жоқ. Дерев жолдың жиегіне түстім де, Құдай сақтап төрт дөңгелектің күшімен қайта шықтым. Бұл жерде негізі тәжірибе керек екені айқын аңғарылды. Облыс орталығындағы Бейбарыс сұлтан көшесінде орналасқан желімдеу орталығында Бауыржан Қабылов есімді азамат бар. Ол жеті жылдан бері автокөліктердің донғалағын бүгінде берімен айналысады. Ол «Қыс қамын жаз ойлайтын қазақты көрмедім» дейді қынжылып әңгіме арасында. Қар түсіп, «Ассалаумағалейкум» деп қыр басынан қыс келсе де, міз бақпаған

талайлар көлік тайып, жолдан шыққанда ғана орталыққа келіп жатады екен. – Көп адам басына таяқ тигенде ғана келеді. Желтоқсанға дейін ісін бітіріп алуы ойламайтындар көп. Біріншіден, қыс түскенде бұл жерде ұзынсонар кезек пайда болады. Екіншіден, өзіне төнер қауіп те көбейеді. Қар жауғанға дейін 5 машина келетін болса, қазір олардың саны 10-15-ке жетті. Ойлап қарасам, жеті жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда көп ілгері шықтық. Ол уақыттары кейбіреулер тіпті қысқы донғалақ салмайтын. Қазір біреуге соғып 300 мың теңге шығынға батқанша, 100 мың теңгеге төрт донғалағын реттеп алғанды жақсы көреді. Біздің қазақем, басқа тимесе, қадам жасай қоймайды ғой, – дейді Бауыржан Қабылов.

2-БЕТТЕ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ, САПА ҚАЛАЙ?

Қала әкімі Нұржан Ахатов жана стадион айналасына «Жасыл қала» бағдарламасы аясында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу керектігін айтты.

«Жасыл қала» бағдарламасы аясында көркейту жұмыстарына жіті назар аударылуы тиіс. Кей ағаштар біздің өңірдің ауа райына сәйкес келмей, қурап қалып жатады. Сондықтан стадион аумағын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Қурап қалатын ағаштар қажет емес. Мамандармен ақылдау керек, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ қала әкімі Нұржан Ахатов физика-математика бағытындағы мектеп-интернатының құрылысымен танысты. Құрылысты жүргізуге 7,9 млрд теңге бөлінген. Шаһар басшысы мердігер

«Промстройсервис Е» ЖШС басшыларына ғимарат құрылысы жобалық-сметалық құжатқа сай жүргізіліп, уақытылы әрі сапалы болу қажеттігін айтты. Заманауи үлгідегі жана білім ордасы қазіргі цифрландыру, индустриаландыру заманында IT саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңыздылығын ескеріп отыр. Яғни, жаратылыстану, физика, математика бағытындағы пәндерге басымдық беріліп, оқушылар осы бағытта терең білім алады.

Келесі нысан – сол жағалаудағы 40 пәтерлі 10 тұрғын үй құрылысы. Жоба құны 8,9 млрд теңге. Ал тұрғын үй аумағын абаттандыруға және инженерлік жүйелерге 1,7 теңге қаржы қаралған. Қала әкімі мердігер компания өкілдеріне



құрылыс жұмыстары жобалық-сметалық құжатқа сай, уақытылы әрі сапалы жүргізілу керектігін ескертті.

Қаламыздың сол жағалауында тарихи-мәдени мұра орталығының құрылысы жүріп жатқаны белгілі. Қала әкімі бұл құрылыс нысанына да барып, жұмыстың жүргізілу барысын өз көзімен көрді. Бас мердігер «Авангард ПГС» ЖШС салып жатқан тарихи-мәдени мұра орталығы келер жылдың мамыр айында аяқталады деп жоспарланған.

Мұнда музыкалық колледж ғимаратының құрылысы да жүріп жатыр. Ғимарат жанында колледж студенттеріне арналған арнайы жатақханада салынууда. Ғимарат жұмысын жүргізуді «Интерстрой» ЖШС мердігер компаниясы өз мойнына алған. Үш қабатты ғимарат 650 орынға арналған. Жаңа нысан шығармашы жастардың өнерін шыңдауға жан-жақты мүмкіндік беретіні анық.

Облыс орталығында инновациялық шығармашылық орталығының іргетасы қаланғаны белгілі. 2025 жылы пайдала-

нуға берілетін ғимаратта бүгінде қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Құрылыс барысын көрген қала әкімі 2025 жылдың мамыр айына дейін аяқтауды тапсырды. Заманауи нысан ғылыми-техникалық және спорттық сауықтыру бағытында жұмыс істейтін болады.

– Ең бірінші кезекте жұмыс сапасына мән беру керек. Құрылыс нысандарының сапалы болуын аймақ басшысы өз бақылауында ұстап отыр. Сондықтан жобаны мақұлдау сатысынан бастап, толық аяқталғанға дейін жіті қадағаланыңдар, – деді қала әкімі.

Құрылыс нысандарын аралап көрген қала әкімі күннің суығына қарамай ортақ мүдде үшін еңбек етіп жүрген құрылысшыларға алғысын білдірді. Мекеме басшыларынан әрбір істен сапа мен жауапкершілікті талап ететінін айтты. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Тұралыевке жұмыстың сапалы әрі тиянақты орындалуын сәт сайын қадағалап тұруды тапсырды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



Кеше Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойында «Geely» автосалонының ашылу салтанаты өтті. Қазіргі таңда қала қарқынды түрде дамып келеді. Сондықтан да тұрғындардың жана автокөлікке, сапалы қызметке сұранысы артып келеді. «Geely» Қызылорда дилерлік орталығын ашу – сұраныстың нәтижесі. Облыс орталығында шетелдік брендтегі автокөлік сататын 10-ға жуық дилерлік орталық халыққа қызмет көрсетуде.

ЖАҢА АВТОСАЛОН АШЫЛДЫ



«Gelly» Қызылорда дилерлік орталығының ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Пауқадтин Шамұратов қатысты.

– Мемлекет бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес нысандарын құру, бизнесті сапалы дамыту, оның экономикадағы үлесін арттыру мәселесіне аса қатты мән беруде. Кәсіпкерлікті дамытуда қаламызда қарқынды жұмыс бар. Биыл облыс орталығында жеке кәсіпкерліктің 1 409 жобасы барлық қаржы көздерінен 30 млрд теңгеге қаржыландырылды. Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 65 мыңнан асты. Өндірісі өркендеген шаһарда шағын және орта кәсіпкерлік саласында 300 млрд теңге көлемінде өнім өндірілді. Біз кәсіпкерлікті әрдайым қолдауға дайынбыз. Жаңа автосалонның халыққа сапалы қызмет ете беруіне тілектеспін, – деді Пауқадтин Сражадинұлы.

Одан кейін Geely Motors Kazakhstan ресми дистрибуциясының сату бөлімінің басшысы Мухаммед Шамшилов қонақтарға жылы лебізін білдірді.

«Geely» өндірісі соңғы жылдары Қазақстанда белсенді түрде дамып келеді. Бүгінде елімізде 19 «Geely» дилерлік орталығы бар.

«Geely» Қызылорда дилерлік орталығын ашу үшін кәсіпкер Бағдат Ибраевтің қолдауына айтуынша, мұнда тұтынушыларға барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Халыққа көліктің таңдаулы маркалары ұсынылады. 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған ғимарат аумағы 4 640 шаршы метрді құрайды. Мұндағы әр көлікке 6 жыл мерзімге кепілдік беріледі.

Автосалонның ашылуына арнайы келген өнер жұлдыздары Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдина қонақтарға керемет көңіл күй сыйлады.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚЫС ЕРКЕЛІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

Бауыржанның бізбен әңгімелесуде де шамасы әзер тиді. Біріннен соң бірі келіп жатқан көлік иесінің бәрі шаруасының біткенін қалайды. Тіпті, кейбіреуі жақтырмай қараған сынай танытты.

– Мәселені бір жақты қарауға болмайды, – деді ескі фольксваген айдаған жүргізуші. – Менің атымды қайтесің, әуелі халықтың жағдайына мән бер. Астымыздағы көлікке отыз жылдан асқан. Аман жоқ, басқасына шамамыз келмейді. Такси боламыз. Бір мезгілде төрт доңғалақты 100 мың теңгеге сатып аласың. Ал оны күнделікті үйге бір бөлше нан артық апарсақ деп жүріп, бала-шағаның аузынан қалай жырасың?! Екіншіден, оны алмасан, тағы болмайды. Біреуге соқсан, қыпқызыл шығын. Не болса да, екі оттың ортасында жүрміз, – деп аяқтады әңгімесін ескі көлікке қарап тұрып.

регламенттердің, ұлттық стандарттардың талаптарына сай келмейтін, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулары мен жағдайлар бар көлік құралдарын басқару бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл арқалауға әкеп соқтырады. Көлік құралдарына орнатылған қыстық доңғалақтарда қырау суреті бар,

аралас тұз сеуіп, қырып, сыпыру жұмыстарымен айналысуда.

– Біз мұндай уақытта демалысты ұмытпамыз. Ауысыммен жұмыс істеп, қашан тірлік бірыңғайланғанда табан ет, маңдай басқару бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл арқалауға әкеп соқтырады. Көлік құралдарына орнатылған қыстық доңғалақтарда қырау суреті бар,



Осы жерде айта кетейік, Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, елімізде 5 652 355 автокөлік бар екен. Ал оның 2,5 миллионы – осыдан 20 жыл бұрын шығарылғандар. Отыз жыл бұрын шығарылғандарды қоссақ, бұл сан тіпті ұлғаяды. Ал еліміздегі жана машиналардың саны небәрі 350 мың дана екен.

Қауіпсіздік шарасы туралы айтып өттік қой. Негізі жүргізушілерге 1 желтоқсаннан бастап қыстық доңғалақтар салу міндеттелген. Егер салмаған жағдайда әкімшілік шара көріледі.

– ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабы 5-бөлігінде техникалық

ұш шынды тау түріндегі белгісі бар, сонымен қатар «M+S», «M S» белгілерімен таңбалануы тиіс, – дейді Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы Нұркен Бактияров.

Жолдың тайғанак мұзға айналуы – табиғи процесс. Бәлкім, «Қызылорда тазалығы» неге реттемейді деген сауал қоятындар да табылар. Бүгінде қаланың коммуналдық сала қызметкерлері қол қусырып бос отырған жоқ. Олар күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Қала ішіндегі жаяу жүргінші жолдарын тазартып жүрген адамдарды жиі кезіктіресіз. Ал арнайы техникалар жолға құм

жерін қардан күреуі керек қой. Олар мұны істемейді. Ал қырындардың өзі жолдың ортасына үйіп тастайды. Сондықтан бұл маусымда барлық сақтық шараларын сақтап, қауіпсіздікті бірінші орынға қою керек. Менің ойымша, жүргізушілер мұндай уақытта ара қашықтық сақтап жүрген дұрыс. Сонын қыстық доңғалақтарды міндетті түрде салған жөн. Әйтпесе, өзінен бөлек, өзгені де өмірін қатерге тігеді ғой. Мекемелерге келсек, әрбір мекеме өз ауласын реттеп, тазартуға болады. Тазалық – әрбіріміздің міндетіміз, – дейді «Қызылорда тазалығы» мекемесінің сектор менгерушісі Гүлзінат Жұмабекова.

Қалай десек те, «Сақтансаң, сақтайды» деген ұстаным алда тұрғаны жөн. Қазіргі таңда Қызылорданың оңтүстік аудандарына қарай жол жабылып, қозғалыс уақытша тоқтатылды. Сол тыйымға қарамай, басын қауіпке саналы түрде тігетіндер де бар. Демек, кінәні өзгенде емес, өзімізден іздеп үйренген жөн. Біреудің әрекетіне екінші біреу жауап бермейді.

Дәулет ҚЫРДАН
Суретті түрлендіріп
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙМАЙ ТҰР

Бүгінгі таңда кең таралып жатқан алаяқтықтың өте қауіптісі – ол интернет арқылы адам саудасы. Ғаламтордағы әкілдер әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр. Алаяқтардың арбауына түсіп қалғандар аз емес.

Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады.

Компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айналу алатынын ескерту керек. Сондай алданып қалған адамдардың арыздарының көбін теркесерген уақытта тергеу органдарына қылмыскерлерді анықтау қиынға соғып жатады, өйткені олар тек біздің елде емес, басқа елдерден шыққан алаяқтар екендігі анықталып жатады.

Деректерге сүйенсек, еліміздегі адам саудасына қатысты қылмыстар көбіне жезөкшелік, притондарды ұйымдастыру және ұстау, «жеңгетайлыққа» байланысты. Жезөкшелікке салынған қыздардың орташа жасы – 18-25 жас аралығында. Бұдан бөлек, жеке шоттардан ақша жымқыру, дінні ұйымдарға кіргізу, заңсыз бала ұрлау және тағы басқа алаяқтық кенінен етек жайып келеді.

Жасулан АЛДАБЕРГЕНОВ,
«Қызылорда облысының Жастар одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ САНЫ НЕГЕ АРТТЫ?

Елімізде соңғы уақытта интернет алаяқтығының саны күрт өсті. Ақпараттық технологияның дамуы, оны дұрыс бағытта қолданбаудың нәтижесі келесі жайттарға әкеп соғуда. Мысалы, былдың өзінде 7 мыңнан астам іс анықталса, бұрын көрсеткіш 3-4 жылда ғана тіркелетін. Интернет алаяқтықтың күрт өсуіне не себеп?

Ақпараттық жүйені пайдаланып, ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Қазіргі таңда ақпараттық құрылыстар адамның күнделікті өмірінде жиі қолданылады. Осыған сәйкес, халықтың басым бөлігі онлайн қызметті жиі пайдаланады. Міне, ең басты себеп – онлайн тауар сатып алу, жалға алу, ақша жіберу, интернет-банкінг және т.б. интернет арқылы жасалатын қызметтер.

Соңғы уақытта киберқылмыстардың көпшілігі әлеуметтік желілер арқылы жасалады. Яғни, WhatsApp, Instagram, Telegram және т.б. мессенджерлер қолданылады. Екінші біріне жақындарынан, мемлекеттік мекемелерден әртүрлі мазмұнда хабарлама, сілтемелер келіп, сенімді көрінеді. Ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар.

Әділхан КЕРЕБАЕВ,
«Қызылорда облысының Жастар одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасының орынбасары

Адалдық – адамдықтың белгісі

Тарихқа көз жүргітсек, адал азамат ұғымы қазақ халқы үшін қашан да қастерлі болғанына көз жеткіземіз. Озық әрі табысты елге айналу үшін қоғамда қандай құндылық үстемдік құруы керек. Қоғамда адалдық үстемдік құратын болса жетер жеткістіктердің көп болатынын анық. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында айтқан болатын.

Еліміздегі әрбір азамат «Адал азамат» ұғымын берік ұстанса, ұлттық жана сапасын қалыптастыру жолындағы негізгі бағыт-бағдар болары анық. Бұл Әділетті Қазақстан идеясының үндесі. Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек.

Мемлекет пен Отанды бірге қарастырып, біреуінен қорғаныш тапса, екіншісін қорғау идеясына басымдық береді. Рас, елімізде әлі шешімін таппаған түйткіл жетерлік. Олардың шешімін табу елдегі әрбір азаматтың да, мемлекеттің саясатты жүргізіп отырғандардың да қажырлы еңбегін талап етеді. Мемлекет пен халық мүддесін бәрінен биік қойғанда, нағыз адал адам ұғымына сай әрекет еткенде ғана ұлы дала мұратына жететініміз анық. Қорыта айтқанда, адал адам қара басының қамын емес, халқының игілігін ойлауға тиіс.

Жасулан НҰРЛАНБЕКҰЛЫ,
«Қызылорда облысының Жастар одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – ӘР БОРЫШКЕРДІҢ ПАРЫЗЫ

Бүгінгі күні қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – ерлі зайыптылардың түрлі жағдайда ажырасып, көмексіз қалғандарының пайдасына алимент өндірілуі. Бұл арнайы соттың шешімі бойынша Ата Заңымыз – Конституцияның 76-бабының 3-тармағы және ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 21-бабына сәйкес орындалады. Яғни алимент төлеу соттардың шешімімен, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен міндетті түрде орындалуы тиіс. Ол үшін соттың шешімі заңды түрде күшіне еніп, ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексінің 236-бабы бойынша борышкерлерге атқару парағы жазылады. Бұл құжат өндіріп алушыға беріледі немесе оның жазбана өтінішімен сот оны борышкердің мекенжайына байланысты, аумағындағы атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жіберіледі. Егерде сот шешімін орындамай, алимент төлеуден қашатын болса, онда оларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтіледі. Алайда қоғамда алимент өндіру бойынша шыққан соттың арнайы шешімі орындалмайды. Сондықтан бұл – сот жүйесінің ғана емес, жалпы мемлекеттің өзекті мәселесі. Өйткені борышкерлердің арасында мақсұммен мен жұмыссыз жүргендерден бөлек, көсібі бола тұра балаларына алимент төлеуден әдейі жалтарып, парызын орындағысы келмей, жұмыс берушімен келісіп, жалған құжат жасап, жақсы мөлшерін азайтып, мүлкін жасыратындар да бар. Себебі алименттің мөлшері борышкерлердің табысына байланысты белгіленеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қоғамда ажырасу қалай көп болса, борышкерлер қатары да жыл санап артып келеді. Өзінің туған баласынан безген әкелер жауапкершіліктен қашып, жастайынан «тірі жетім» атандырып, балалардың көңіліне қаяу, жүрегіне жара салуда. Бүгінде қоғам арасында орын алған өзекті мәселені алдын алу үшін прокуратура органдарымен бірлесіп сот орындаушылары борышкер жайлы билбордтар шығарып, БАҚ арқылы мақалалар жариялауда. Тіпті арнайы түсірілген бейнероликтерді телеарналар мен ғаламтор желілерінде көрсетуде.

Жалпы қоғамда алимент қарызын болдырмау үшін ажырасушылар қатарын азайту керек екені айтпаса да белгілі. Өйткені жылдан-жылға екі бөлек кеткен отбасылардың көбеюі тастанды сабилер мен бауыр еті баласын тағдыр талқысына тастап, алимент төлеуден жалтарыушылар қатарының өсуіне түрткі болып отыр. Сондықтан балаға әу бастап ұлттық дәстүрлеріміз бен салт-санамызды насихаттап, отбасы құндылығын дәріптеуіміз керек.

Айта кетейік, алимент төлеуден жалтарғандар соттың шешімі толығымен орындальмайынша, борышкерлердің, жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтары қалпына келтірілмейді.

Тарғын АЛДАБЕРГЕНОВ,
Қызылорда облысының сот орындаушысы

П.Д.Осипенко атындағы №8 мектепте «Цифрлы әлемге – кемел біліммен» атты математика, физика, информатика пәндеріне арналған апталық өтті.

Цифрлы әлемге – кемел біліммен

Апталықтың алғашқы күнінде оқушылар сұрақтарға жауап берді. Ал екінші күні «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды. Онда логикалық және сәйкестендіру тапсырмалары болды. «Ғажайып математика» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс кезінде ребустар мен фигуралар арқылы тапсырманы орындаған оқушылар марапатталды.

Сондай-ақ оқушылардың шығармашылығы мен өзіндік ізденістерін байқау мақсатында 7-10 сыныптар аралығында «Бейне басылым» конкурсы ұйымдастырылды. «Ең үздік видео» номинациясын 10 «Б» сынып оқушылары жеңіп алды. Одан бөлек, «Кубик рубик» текшесін жинау турнирінде оқушыларға үш кезеңде кубик жинаудан жарысты. «Кубик рубик» чемпионы 10 «б» сынып оқушысы Мақсат Пірманов болды.

Апталық аясында 6 сынып оқушылары арасында «Ғылымға құштар жас өрен» математикалық сайысы өтті. Ал 8-10 сыныптар аралығында физикадан «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. Нәтижесінде үздік оқушылар I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Әсия ДҮЙСЕНОВА,
П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектебі



Бірнеше тіл білу – заман талабы. Қаламыздағы Жанәбіл Нұрманов атындағы №198 мектептің 10 сынып оқушысы Константин Ким бірнеше тілді жетік меңгерген. Қазірдің өзінде Константиннің ағылшын тілін білу деңгейі сыныптастарынан әлдеқайда жоғары. Дарынды жас тіл білімі жарыстарында алтын медаль иегері атанды. Сонымен қатар ол волонтерлікпен де айналысады.

**Константин КИМ,
Ж.Нұрманов атындағы
№198 мектептің 10 сынып оқушысы:**

БІЛІМДІ БОЛУ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

– Константин, тіл байқауларында алтын медаль жеңіп алдыңыз. Үш тілді қалай меңгердіңіз?

– Достарым түрлі ұлт өкілі болғандықтан, тіл үйренуге қатты қызықтым. 5 сыныптан бастап мектептегі барлық лингвистикалық жобаларға белсенді қатысып келемін. 10 жасымда Абайдың кара сөздерін жатқа оқып, байқауда жүзделі орындарға ие болдым. 7-9 сыныпта тарих, орыс тілі, қазақ әдебиеті пәндері бойынша байқауда бірнеше рет жүзделі орын иелендім. Бытыр «Ағылшын тілі» пәні бойынша қалалық және облыстық кезеңдерде алтын медаль иелендім. Қазіргі уақытта ағылшын тілін білу деңгейім «С1», бұл тіл білу деңгейінің ең жоғары көрсеткіші. Келесі жылдың наурыз айында халықаралық емтихан тапсырып, бұл деңгейімді растауды жоспарлап отырмын.

– Қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып жүрсіз. Қоғамдық жұмыс пен сабақты қатар алып жүру қиын емес пе?

– Қоғамдық жұмыстың сабағымна кедергісі болған емес. Алтын медальға үміткермін. Оқу мен үшін ешқашан қиын емес, өйткені тәртібім, алға қойған мақсатым оқуды жеңіл түсінуге көмектеседі. Ұстаздарым әрбір жетістігіме қуанып, мақтан тұтатыны мені жігерлендіреді түседі. Биылғы мамыр айында мектеп тарихында алғаш рет мен «Жыл оқушысы» атағына ұсынылдым.

– «Y-PEER» еріктілер желісіне қосылуды не түрткі болды?

– Қазіргі уақытта ерікті болу мен үшін маңызды. Биылғы ақпанда Instagram әлеуметтік желісінен «Y-PEER» еріктілер желісінің парақшасын көзім шалып қалды. Жастар мен жасөспірімдерге денсаулық және құқық тақырыбы бойынша мен де көмек көрсеткім келді. Еріктілер жобасына қызығым, еш ойланбастан қосылдым. «Y-PEER»-де 9 ай ішінде жалпы 700 адам құрайтын 30-дан астам тренинг өткізуге атсалыстым. Нәтижесінде «Айдың үздік волонтер» атанып, Қызылордадағы «Y-PEER»-дің координаторы болдым. Қазіргі уақытта мақсатымызды жүзеге асыру үшін командамен бірге көп нәрсеге қол жеткіземін деп сенемін.

– «Y-PEER» халықаралық жастар желісінің мақсаты қандай?

– «Y-PEER» – халықаралық жастар еріктілер желісі, 45-тен астам елде белсенді жұмыс істейді. «Y-PEER» жастар желісі 1999 жылы БҰҰ Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы қоры (UNFPA) қолдауымен құрылып, Қазақстанда 2003 жылы құрылды. Бұл ұйым ЮНФПА-ның (БҰҰ Халық қоныстану қоры) материалдық және әдістемелік қолдауына ие. Ақпарат беру арқылы қауіпсіз және салауатты қоғамды қалыптастырып, әрбір жас салауатты өмір салты, репродуктивті денсаулықты қорғау, АИТВ/ЖИТС, нашакорлықтың алдын алу, гендерлік теңдік, адам құқықтары мәселелері бойынша ақпарат алып отырады. Бүгінде Қазақстанның 300 мыңнан астам жасөспірімдері осы ұйымға мүше. Біздің «Жазғы көшбасшылық мектеп» атты жобамыз денсаулық сақтау министрлігінің бағалауымен ең үздік жоба деп таңалды.

– Қандай мамандық таңдадыңыз?

– Болашақта мен «Әлеуметтану» немесе «Коммуникациялар және БАҚ» мамандығын таңдауды жоспарлап отырмын. Еліміздегі Назарбаев университетін таңдадым, онда «Әлеуметтану» факультеті бар. Оқуды жалғастыру үшін Венгрияға немесе Америкаға барып, белсенді университеттердің бірінде білім алуды жоспарлап отырмын. Бұл мамандықты мен өз қызығушылығымға, дағдыларым және армандарыма негізден таңдадым. Оқуды аяқтаған соң, елге оралып, осы саланы дамытуға өз үлесімді қосқым келеді.

– Достарыңызға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ізденісті тоқтатау керек. Айналаңызда жетістікке жеткен адамдар көп болсын. Олар сені жасыны үйренуге ынталандырады. Білімді болу жетістіктерге жетелейді.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Қазіргі уақытта «SAT», «IELTS» және «NUET» емтихандарына дайындалып жатырмын. Сонымен қатар университетте қолданылатын әртүрлі бағдарламаларға қатысудамын. Болашақта мен БҰҰ-да жұмыс істеп, жаһандық деңгейде де көмек көрсетуді армандаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ



БІЛІМ АЙНАСЫ

«FACE ID»: ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қазіргі таңда баланы веб-камера арқылы сәйкестендіру технологиясы еліміздің кейбір балабақшаларында пилоттық жоба ретінде енгізілген. Дегенмен мұның дұрыс немесе бұрыс екендігі әлі де талқылануда. Мәселен, мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева бұл туралы өз пікірін айтты. – Денсаулық сақтау және оқу-ағарту министрліктері «Face ID» технологиясын енгізе бастады. Туризм және спорт министрлігі де «Damu Bala» жүйесіне биометриялық аутентификацияны енгізуге дайындық жүргізіп жатқанын білемін. Яғни, жан басына қаржыландыру қарастырылған жерлердің барлығында «Face ID» базалық талапқа айналуда. Біздің міндетіміз – бұл жүйені қауіпсіз болуын қамтамасыз ету және азаматтарымыздың одан зардап шекпеуін қалағалау. Себебі әңгіме балаларға қатысты болып отыр. Жалпы, балалардың биометриясына көптеген елде тыйым салынған. Сондықтан биометрия мен «Face ID» технологиясын енгізу кезінде қазақстандықтардың жеке деректерін қорғау өте маңызды, – дейді мәжіліс депутаты.



Өткен жылы өңірде 422 балабақшаны мониторингтен өткізу үшін жұмыс тобы құрылған еді. Нәтижесінде табылған көрсеткіштер мен балалардың нақты саны сәйкес келмейтін анықталған. Сондықтан оқу-ағарту министрлігі балабақша тәрбиеленушілерінің келуін қадағалап отыруды «Face ID» арқылы қолға алады. Биыл Қызылорда, Атырау және Жамбыл облыстарында бұл жүйе іске қосылды.

Қалалық білім бөлімінің мәліметіне сүйенсек, облыс орталығында 241 балабақша «Face ID» жүйесін қолданып отыр. Жобаны енгізгеннен кейін балабақша жұмысында қандай нәтиже бар? Осы сұраққа жауап алу үшін облыс орталығындағы «Алтын ұя» бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

«Алтын ұя» бөбекжай бақшасында «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік. «Qazna-face» мобильді ұя бөбекжай бақшасына хабарласқан едік.

Басы 1-бетте

ЖАҒАЛЫҒЫ КӨП «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»



Білім шаңырағы қаламыздың сол жағалауында орналасқан. Үш қабатты жаңа ғимараттың табалдырығын аттағанда оның жайлылығы сезіле түседі. Оқушылардың көңілді дауыстары ғимараттың сәнін келтіріп тұрғандай. Кіре берістен-ақ өзгеше сезімді бастан кештік. Осындай жаңа жайлы мектепте оқып жатқан оқушылардың білімге деген құштарлығы да ерекше болар.

Мектеп директоры Мөлдір Смаханова бізді жылы шыраймен қарсы алды. Бұл білім ордасы – «Жайлы мектеп» жобасы бойынша аймақта пайдалануға берілген алғашқы мемлекеттік білім беру ұясы. Осы уақытқа дейін қаланың басқа шағын аудандарына қатынап оқып жүрген 900-ден аса оқушы бүгінгі таңда жайлы мектептің игілігін көріп отыр. Үш қабатты мектеп бірнеше блоктан тұрады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блокта оқиды. Әр блокта оқу кабинеттері, дәртханалар, 3 спорт зал бар. Бейнебақылау, дыбыстық хабарлау құралдары орнатылып, балалардың қауіпсіздігі түгел қамтамасыз етілген. Тіпті оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдарын сақтауға, ауыстырып киетін киімге арналған шкафтар да қойылған.

– Заманауи жайлы мектепте балаларды жаңа қырынан ашып, түрлі бағытта бейімдеуге барлық жағдай жасалған. Мұнда білімді оқушылар соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Әр қабатта коворкинг алаңдар, үлкен кинозал секілді жаңашылдықтар бар. Сонымен қатар мектеп заманауи лабораториямен жабдықталған. Физика, химия, биология және роботехника пәндері бойынша арнайы құрал жабдықтармен қамтамасыз етілген. Кабинеттерге «touch-скрандар» орнатылып, мектептің кез келген жерінен жылдамдығы жоғары интернетке қосылу мүмкіндігі бар. Ерекше білім алуды қажет ететін балаларға тиісті жағдайлар жасалған. Одан бөлек, ұл-қыздарды еңбекке баулу үшін де барлық жағдай бар. Қыздарға арналған тігін шеберханасы, ұлдар үшін ағаш жону аппараттары да бар. Алдағы уақытта мектепте оқу өндірістік комбинат ашу жоспарланыпты. Оның негізгі мақсаты – оқушыларды мамандықты дұрыс таңдауға баулу және жұмысшы мамандарды дайындап шығару. Болашақ аспаздарды дайындауға арналған «тамақтану мәдениеті» деп аталатын арнайы кабинет те бар, – дейді мектеп директоры Мөлдір Дәуренбекқызы.



Білім мен ғылым дамыған заманда ақпарат пен техниканы ұштастырып отырып балаға озық білім беру – уақыт талабы. Жайлы мектепте көзімізге түскен негізгі ерекшелік – коворкинг алаңдары. Мұнда оқушыларға көңілді үзілістер ұйымдастырылады. Асық, шахмат ойнайды. Кітап оқуға болады. Сондай-ақ мұғалімдерге арналған коворкинг орталығы да бар екен. Кітапханасы да ерекше. Электронды кітапхана компьютермен жабдықталған. Ал асхана бір мезетте 255 баланы қамтиды. Мектеп ауласында балалар үшін арнайы ойын алаңдары салынған. Үлкен спорт алаңы да бар.

– Негізгі мақсатымыз жалпыға бірдей жайлы орта құру және ұлттық құндылықтарды сақтау. Балалардың мектепке қуанып келуі үшін барлық жағдайды жасау – біздің негізгі мақсатымыз. Сондықтан да мектептің ішкі-сыртқы техникалық базасы, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі, заманауи құрылғылармен өрендердің жұмыс істей алу мүмкіндігі – баланың тиімді білім алуына ықпал етеді. Жайлы мектептің негізгі мақсаты да сапалы білім мен өнегелі тәрбие беретін ізгілікті ордасына айналды, – дейді мектеп директоры.

Қазіргі уақытта жайлы мектепте 973 оқушы білім нәрімен сусындауда. Мектептің ашылғанына көп болмаса да оқушылар қалалық олимпиадалардан топ жарып, үздіктер қатарынан көрінген. 5-10 сыныптар арасындағы қалалық олимпиадалардан 8 жүзделі орын алған. Спорттық сайыстан чемпион атанған оқушылар бар. Ата-аналармен тығыз байланыс жасап, үштік одақ жұмысы қолға алынған. Ата-аналар мектепте өтетін іс-шараларға қатысып, белсенділік танытады.

«Мектептің жүрегі – үйрету де, оқыта да білетін мұғалім», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ұстаздар шәкірт жүрегіне жол тауып, биік шыңнан көріну жолында еңбек етуде. Бүгінде білім ордасында 54 мұғалім жұмыс істейді. Мұғалімдер педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы тарапынан таңдалып, конкурстан өткен.

Білектін емес, білімнің заманы келді. Ғылым мен білім қарыштап дамыған ғасырда балалардың жайлы мектепте білім алуы заңдылық. Жайлы мектепте ғылым мен білімді жетік меңгеруге мүмкіндік те көп.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Айтолқын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Адам саудасы – әлемнің басты мәселесі

Адамзат тарихындағы ең әділетсіз, адам құқығы тапталған, қанқұйлы және ауыспас мәселе – адам саудасы. Адамды құлдыққа жету, еркінен тыс мәжбүрлі ұстау, зат ретінде сату немесе өлтіру XXI ғасырдың ең дамыған мемлекеттерінің өзінде әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. БҰҰ мәліметінше, жаһандық адам саудасының көпшілігі Балқан түбегінде, ТМД елдерінде, Оңтүстік Америка құрлығында, Орталық Еуропада, Африкада, Шығыс Азияда орын алады екен.

Әлемде және Қазақстанда адам саудасына қатысты кең тараған сала жезөкшелік, яғни тән саудасы арқылы ақша табу. Қазақстаннан құлдыққа, яғни жезөкшелікке түсетін әйелдер шет мемлекеттерге, әсіресе Ресей, Түркия және

Сауд Арабиясы секілді елдерге тасымалданады. Туризм, жұмыс істеу мақсатында шет мемлекеттерге барып, сол жерден құлдыққа түсетін отандастарымыз аз емес. Бұл аталған елдерге Қазақстан азаматтары үшін визалық жеңілдіктердің болуымен де байланысты.

Адам саудасының құрбаны болмауы үшін не істеу керек?

– жұмыс берушінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен заңды түрде лицензия алғанына көз жеткізіңіз;

– шетелге барар алдында еңбек келісімшартын жасаңыз. Жұмыс визасын алыңыз. Туыстарыңызға қайда және кіммен бара жатқаныңызды айтыңыз. Сондай-ақ өзіңіз баратын елдің тілін, таңдалған жұмысқа қойылатын біліктілік сынды кәсіби міндеттерді ескерген жөн;

– барлық құжаттарыңызды, визалардың, төлқұжаттардың кем дегенде екі данасын жасаныз, бір данасын өзіңізбен алыңыз. Екіншісін туыстарыңызға қалдырыңыз, бұл сіздің қолыңыздан құжаттарыңызды тартып алғанда немесе құжаттарыңызды жоғалтқан кезде көмектеседі;

– галматордан тапқан жұмыстың заңды екеніне нақты көз жеткізбей, бейтаныс адамдардың ақпаратына сенбеңіз;

Егер адам саудасының құрбаны болсаңыз, бірақ қашып кетуге, құтылуға мүмкіндік туған жағдайда елшіліктен немесе құқық қорғау органдарының өкілдерінен қолдау ізденіңіз. Есіңізде болсын! Құжаттарыңыздың түпнұсқасын бөтен адамға бермеңіз.

Жасұлан АЛДАБЕРГЕНОВ,
«Қызылорда облысының Жастар одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Айласын асырғандар көп

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарынан немесе әлеуметтік желілерден интернет алаяқтықтың құрбаны болғандар туралы жиі байқайтын болдық. Олардың жариялаған шағымдары да жұрт назарын өзіне аударуда. Шынында да, қазір оңай олжаға кенелгісі келетін, қиналмай-ақ қаражат табуды мақсат еткен алаяқтардың көбейіп кеткені рас.

Бір сөзбен айтқанда, алаяқтар интернеттің қыр-сырын жақсы біледі. Ал талай жыл маңдай терімен тапқан табысын оңай олжаға кенелгісі келетіндердің қолына ұстата салуды ешкім де құптамайды. Полиция қызметкерлерінің айтуынша, көбінесе мұндай деректер банк карталары мен есепшоттардан қаражат ұрлаумен, азаматтардың жеке деректерін алаяқтық жолмен пайдаланумен, тауарларды сату немесе тиісті қызметтерді көрсету туралы хабарландыру берумен, сондай-ақ ақшаны пайдалана білмейтін салу туралы жарнамалармен байланысты да орын алады екен. Өкініштісі сол, егер алданғанын дер кезінде уақытылы білмесе, маңдай термен тапқан қаражатты қайтару мүмкін емес. Сала мамандары бастапқы 20 минутты «алтын уақыт» дейді. Егер сол аралықта құқық қорғау мамандарына ескертіп үлгерсе, алаяқтарды табу, оларды құрықтау да оңай болады.

Әділхан КЕРЕБАЕВ,

«Қызылорда облысының Жастар одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасының орынбасары



МАҚТАНШАҚ, БЕКЕР МАЛ ШАШПАҚ...

Көзінің жасы тыйылмай, қайғыдан қан жұтып, адамын жоғалтып, аза бойы қаза болып отырған отбасына демеу білдіріп, жұбатуды ойлаудың орнына ол жерді хан базарға айналдырды. Көрісіп жатқан адамды да сырттағы қазан асу, құданың қалта-құлтасын қайтару қамымен шақырып, мазасын алу да әдет болып барады. Бұрын мұндай аста-төк дастарханды да, көрпе, сүлгі таратуды да көрмедік. Қарапайым, қонырқай дастархан жайылып, оқта-текте 80-90-нан асқан қариялар өмірден өткенде «тәбәрік» деп білетімізге қылдай шүберек байлайтын. Сүйекке кіргендерге сол кісінің киімін беретін. Қазір жаңа киім тарату ештеңе тартпайтын еді. Қаралы үйдің айналасына бала-шаға, жастар жоламайтын-ды. Тек үлкендер жағы кіріп шығатын.

Дін өкілі Б. Мансұров қазір қаралы үйде жайбаракат ас ішіп, күліп-ойнап отыратын көріністі сыңа алды. Бір кемшілігіміз – кісі қайтқан үйдегі жағдай. Марқұмды бір бөлмеге жатқызып қойып, келесі бөлмеде күзетке жылыған көпшілік әжің-күжің әнгіме айтып, бірқатары қарқылдап күліп, дастархан жасап, тамақ жеп жатады. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) «қазалы үй үш күн қайғырсын» дегені бар. Өйткені адам жоғалту оңай емес. Сондықтан қаралы үйге үш күн бойы аза тұтуға мұрагер берілген. Әйтсе де, қазіргі жағдайда көбінесе үй несі қайғырудың орнына тойхана жалдаумен, сойыс малын іздеумен, базардан азық-түлік саудалап, кейде банктен несиені рәсімдеумен күні өтеді. Егер алыстан ұяты қонақтары, құла-жеқжаттары келсе, оларды күтіп алу, тамақтандыру көрші-көлемнің міндетіне айналу керек. Сол себептен үш күнге дейін қаралы үйде қазан қайнамасын деген шариғат тәртібін ұстанғанымыз дұрыс. Аяқ астынан орын алатын қаралы күнде дүрмекке ілесіп, ұят деп, шала бүлінбеген абзал, сондықтан ысыраптан аулақ болып, садақаны барынша қарапайым өткізейік, – дейді ол.

Бұл мәселені аймақтың ардагерлер кеңесі көтеріп, жиын өткізді. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев маңызды мәселені баяндамасына арқау етті.

– Мал-дәулеті бар адамдар да құдайы асты қарапайым дегендей бергені жөн. Алайда марқұмның атынан басқа да сауапты амал жасауды қаласа, жетім-жесір, кедей-кепшікке қайыр-садақа беріп, мешіт, медресе, мектеп, бала-бақша, халық жүретін жол, көпір салып, ағаш егіп, басқа да ізгі іс атқарып, өз ниетін іске асыруға болады.

Басы 1-бетте

Құдайы асқа арнап мал сою міндет емес. Өйткені құдайы аста жиналған адамды тойдыру шариғат талабына да, мақсатына да жатпайды. Ең бастысы, ниет түзу болуы тиіс.

Құдайы аста қәде (сарылық, тәбәрік, жыртас және т.б.) таратуды шариғат талап етпейді. Оған жұмсалған қаржыға шын мұқтажтардың қажетін өтеу – әлдеқайда сауапты.

«Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар. Демек, қазалы үйде қазан көтерілмеуі керек. Қайғыдан қан жұтып отырған шаңырақтан тамақ ішіп, бос әнгіме айтып, арыс күлкіге еру дұрыс емес. Қайта туыс-жақыны, көрші-қоланы, жора-жолдасы демеу болып, қаралы отбасын қамқорлыққа алып, қайғысын жеңілдетіп, барлық шаруадан босатуға күш салуы қажет. Мал іздеп, базар аралап, қарыз сұрап сабылып кетпеуі тиіс. Бұл көптің көкейіндегі, халықты толғандырып, әлі күнге дейін бас қатырған мәселеге айналды. Бұған атүсті, бей-жай қарауы болмайды.

«Судың да сұрауы бар» деген бабаларымыз. Ас берудегі ысырап-шымдықты түбегейлі тоқтату үшін қоғамдық ұйымдар, халық, әулет, ру басы, данағөй ақсақалдар, зиялы қауым, дін өкілдері бірге айналысып, оң нәтиже шығаруға атсалысуымыз тиіс, – деді ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев ҚМБД ас беру мәдениеті туралы арнайы құжат қабылдағанын айтты.

– Саналы тіршілік иесі – адам баласының бұл өмірге қонақ екендігі Бұқар жыраудың

«Аргымақ жалсыз, ер малсыз,

Құдайдың аманат қойған жаны

Қай күні алары болжамсыз», – деген өлең жолдарында «Аманат қойған жан» сынды бейнелі тіркеспен өрілген. Өлім – бір Құдайдан. Сондықтан да өлім қашан келетінін, кімнің кімнен бұрын, не кейін өлетінін кесіп-пішіп айтуға, жобалауға болмайтынын жырау осындай терең мағыналы жолдармен жеткізеді.

Сондай-ақ халқымызда «Өлім – бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген мақал бар. Бұл сөз өлімнің тек қана рухани жағынан емес, материалдық тұрғыдан да ауыр салдары бар екенін көрсетеді. Сондықтан жаназа және жерлеу рәсімдерін шариғат шеңберінен шықпай, жергілікті әдет-ғұрыпты да бұзбай, ең бастысы, ысырапқа жол бермей өткізу керек. Сол кезде дініміздің қағидалары мен халқымыздың салт-дәстүрлерін үйлестіре отырып, қоғамдағы рухани, материалдық тепе-теңдікті сақтауға болады.

Жаназа және жерлеу рәсімін бір-ізділікке келтіру мақсатында ҚМДБ «Жаназа және жерлеу рәсімдері»

кітабын шығарып, «Ас беру мәдениеті», «Зират және зиярат әдебі» құжатын қабылдады.

Құжатта көтерілген мәселенің бірі – марқұмның қонақасы. «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабында «Қаралы үйдің тұрмысы ауыр немесе біреулерге қарызы болса, олардың одан сайын қарызға батып, ас беруі дұрыс емес. Оның үстіне мәйітті бірнеше күн жатқызып қойып, тек қонақ күтудің қамына кірісу – күнә. Ең әуелі мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын оқу және жерлеу істері мұсылманның мойнындағы кезек құттырмайтын негізгі міндет екенін ұмытпағанымыз жөн.

Алыстан келген ағайынға берілетін тамақты айтпағанда, жалпы жұртқа қонақасын беру дұрыс емес. Көңіл айтып келгендер үй иелерін әбігерге салмау үшін көңіл қосын білдіргеннен кейін ол жерде көп кірмегені жөн. Зират – барша адамзаттың Жаратушы алдында тең екендігін, бай мен кедейдің, жас пен көрінің, күшті мен әлсіздің бір-бірінен артық еместігін, имандылық, тақуалық секілді ізгі қасиеттермен ғана биік тұратынын көрсететін ғибадат мекені.

Қабірге жерленген кісінің кім екендігін айқындау мақсатында және толық аты-жөні, туған және қайтыс болған күндері жазылса жеткілікті. Құлпытасқа марқұмның суретін қоюға рұқсат етілмейді.

Қайтыс болған адамды қабірге қоярда денесіне артық киім кигізбей, тіршіліктегі сәндік бұйымдардың ешқайсысын өзімен бірге жерлемей, жағасы мен жеңі жоқ, тек ақ матамен ғана қою, яғни күллі мұсылманды бірдей етіп жер қойнына тапсыру тәртібі осы теңдік ұстанымын білдіреді. Халықты құлпытас қою мәдениетінен де хабарлар етсем деймін. Қабірге биіктігі 1 метр, ені 50 сантиметрден аспайтын құлпытас қою керек. Оны қымбат, бағалы тастан жасамай, Құран аяттары мен сүрелерді жазбай, барынша қарапайым болғаны дұрыс. Ол жерде жарық орнату, түрлі-түсті гүл егіп, абаттандыру сынды сәндеу жұмысын жасау орынсыз. Зират – тамашалайтын жер емес, ақыретті еске алатын мекен.

Қорыға айтқанда, жаназа және жерлеу рәсімдері – мұсылман қауымының ең маңызды діни ғибадаттарының бірі. Бұл рәсімдердің дұрыс өтуі шариғат заңына ғана емес, қоғамдағы тұрақтылыққа, әлеуметтік теңдікке де әсер етеді. Жаназа рәсмінде ысырапшылдықтан бас тартып, қарапайымдылықты сақтау – дініміздің негізгі талаптарының бірі, – дейді бас имам Дастан Жанасұлы.

Жақында облыстық ардагерлер кеңесі ысырап мәселесіне орай арнайы үндеу жариялады. Онда «Қаралы үйден тамақ ішуді тоқтату. Қайғы үстіндегі

отбасыға салмақ түсірмей, көңіл айтуға келгендер тек шын жүректен дұға бағыштап, қаралы отбасыға моральдық қолдау көрсетуі керек. Қаралы үйде дастархан жаю міндет емес. Ас беруді қарапайым түрде өткізу.

Табақ-табақ ет ұсынып, мол дастархан жасаудың қажеті жоқ. Жыртас пен сыйлық таратуды доғару. Себебі жыртас тарату бұрын хабар жеткізу құралы ретінде қолданылғанымен, қазір бұл рәсім маңызын жоғалтты. Қазіргі заманғы жыртас – тек жарыс пен ысырап. Қаралы үйге бұл артық шығын әкеліп, марқұмға ешқандай сауап қоспайды. Құран оқып, дұға бағыштау ғана сауапты іс. Марқұмды жерлегеннен кейінгі қаражатты сауапты іске бағыттау.

Қыршын кеткен азаматтар үшін үй тігіп, мол дастархан жаюдың орнына, тек дұға оқып, сабырлық таныту қажет. Қаралы отбасының қайғысын терең түсініп, оларды материалдық шығынға батырмай, рухани қолдау көрсету – маңызды» делінген.

Осы үндеу әлеуметтік желіге жарияланған соң пікір білдірушілер саны артты. Тұрғындар да ысырапқа жол бермеу керекін қоштайды.

Ханзада Дошан, қала тұрғыны:
«Өте дұрыс бастама. Қос қолдап қолдаймыз. Осындай өзгеріс керек, әйтпесе ел-жұрттан ұят деп кедей байғұс қарызға батып, барын қойып әлек. Өлім мен тойды шатастырып алдық».

Жалғас Ахметов, қала тұрғыны:
«Дәл осы заманда қайтыс болған кісіні жөнелтудің өзіне де 2-3 млн теңге ақша керек. Өлік шыққан үйдің дастарханы тойдан кем емес. Міндетті түрде жылы немесе ірі қара мал сою керек. Келген адамдарды кілем, көрпе, шапанмен қайтару керек. Басын қарайту үшін де қыруар қаржы керек. Сондықтан толықтай келісемін».

Болат Нұрхожаев, қоғам белсендісі:

«Ардагерлер кеңесі төрағасы, аудандық кеңес төрағалары мен аудан имамдары қолдап, қол қойып жариялау керек деп ойлаймын. Молдалар намаз шығарғанға мол ақша алуды, мал атауды да, намазда ақша таратуды, ақша әкелгендерге кілем, көрпе таратуды да доғаратын шешім қабылдасын. Ақыр аяғы марқұмды жуғанға алтын тағатын дарақалыққа, садаққа дастарханды тонап алатын, соны мақтаншып көретін жағдайға жеттік. Бұл шешімге әйелдер қауымы да атсалысуы керек».

Бектөмір Әбенов, қала тұрғыны:
«Дұрыс бастама. Мысалы, өзбек ағайындар қаралы үйге арқайсысы тандыр нанын, бауырсағын, самсасын, көмпітін, қантын, өзге де керекті азық-түлікті апарды екен. Ал енді бізбен салыстырғанда. Несие алып, жылқы, сиыр сойып шала бүлінеді. Бұл негізгі қайғы жұтып отырған үйге қиын. Жағдайы барға білінбейді, жағдайы жоқ қазаққа өте ауыр».

Орынбасар Байтұрбай, қала тұрғыны:

«Бастама дұрыс болғанына дауым жоқ. Бірақ жергілікті әкімшілік қандай да бір тыйым салу арқылы тоқтатпаса, дастархан жаю тоқталмайды. Себебі қазақтардың алыстан келетін ағайыны мен сынайтын ағайын-тумасы жетіп артылады. Сол үшін ақсақалдар барып әкімнен тыйым салу туралы қаулы шығартсын, сонда дұрыс болады».

Р.С. Көпшіліктің пікірі сан алуан. Бірақ барлығының уәжі дәстүрге айналып бара жатқан ысырапшылдық пен дарақалықты тоқтатуға құптады. Қазақ «өсіре қызыл тез тозар» деген мақал бар. Бәсекеге ілесіп, көрінгенге қызығып, атандай берсек, ұрпағымызға айтар ұлағат, өсиет қалмай, дүйім елге қадіріміз қашып, орта жолда шабадан қаларымыз анық. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ысырапшылдық пен даңғазалық қоғамның да, адамның да абайройын төгеді. Жауапсыздық, немқұрайдылық бүкіл елді қасіретке ұшыратады. Ал бос сөзділік пен босөпелі, мақтаншақтық қоғамның дамуын тежейді», – деген болатын.

Олай болса, құр мақтан, даңғазаны үш мал шашуды тиятын кез келді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Қызылорда облыстық филармониясына қарасты жыраулар үйінде Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Ұлжан Байбосынованың «Сыр бойы жыраулар өнерінің бастаулары» және «Сыр бойындағы шайырлық дәстүр және ислам мәдениеті» атты кітаптарының тұсаукесері өтті.**

ЖАҢА КІТАП ОҚЫРМАҢҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Рухани шараны ашқан жыр дүлдүлі А.Алматов Сыр бойындағы жыраулық өнердің тарихына тоқталып, бағзы заманнан біздің заманымызға мұра болып жатқан төл өнердің жауһарларының жастарымызға берер ұлағаты мен тәлім-тәрбиесі мол екенін тілге тиек қылды.

Мұнан соң қоғам қайраткері Бакберген Досманбетов, жырау Берік Саймағанбетов, Мұхтар Ниязов, Нұрмат Мансұров, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының аймақтық Qyzylorda телераионының директоры Нұрбек Әмиша, облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев, өзге де ел ағалары құнды еңбектің Сыр елінің руханияты үшін баға жетпес байлық екенін айта келе, өнер иесіне жүрежарды тілегін жеткізіп, ақтангер айтас ақыны Серік Бдырысов өзінің жыр арнауын жолдады. Керемет жырмен әдіптелген рухани шарада кітап авторы, күміс көмей жырау Ұлжан Байбосынова жиылған қонақтарды төл туындысының мазмұнымен таныстырып, Сыр бойының жыраулық дәстүрінің діни көзқарасын сабақтастығын тілге тиек етті.

Жиын соңында белгілі жырау Алмас Алматов пен кітап авторы, тарлан талант иесі Ұлжан Байбосыноваға Сыр өңіріндегі ұлттық өнерді насихаттаушы жыраулар қауымы шапан жауып, қәделі сый-құрмет көрсетті.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Әкімшілік іс жүргізде жаңалық бар

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әкімшілік процеске қатысушылар үшін кері байланыстың жаңа функционалын іске асырды. Бұл функционал әкімшілік іс жүргізудің бірінші тізбегінің жария секторының модулі. Оған қоса, әкімшілік процеске қатысушылардың ыңғайлылығы мен уақытын үнемдеу үшін құрылған.

Қосымшаның көмегімен қатысушылар әкімшілік іс бойынша өтінішті немесе шағымды тікелей оны қараған органға жібере алады және оған уақытылы жауап алады. Ол үшін Qamqog.gov.kz ақпараттық сервисінде «Әкімшілік құқық бұзушылықтарға шағым жасау» қосымша бетін таңдау қажет.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 826-1-бабы тәртібінде шағымды процеске қатысушы ғана өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасының (ЭЦҚ) көмегімен авторландыру арқылы бере алады. Шағымның мәнін баяндаумен қатар іс бойынша растайтын құжаттарды бекіту мүмкіндігі бар.

Өтініш сақталғаннан кейін ол мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына әкімшілік іс жүргізудің бірінші тізбегінің ақпараттық жүйесіне түседі. Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің e-mail пошталына электрондық хатпен жолданады. Әкімшілік іс бойынша қаулыға және айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға берілетін шағымдарды қарау тәртібі ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 826-2, 826-3, 826-4, 826-5-баптарымен реттеледі.

Сонымен қатар бұл жүйеде шағымдану және шағымның жүйдегі мәртебесін қарау бойынша қолданушыға арналған нұсқаулық бар.

М.АСЫЛХАН,

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің

Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім прокуроры

«Qamqog»-дың қамқорлығы көп

ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті кәсіпкерлерге арналған «Qamqog» ұялы қосымшасын іске қосты. Қосымша қазіргі уақытта қарқынды жұмыс істеп келеді.

Негізгі жаңашылдығы – тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген QR кодты оқытын функционалы. Кәсіпкер аталған кодты сканерлеп, тексерушінің тексеру мерзімі мен түрі туралы және т.б. нақты ақпаратты көріп, оны қағаз үлгідегі тексеру тағайындау туралы актісімен салыстыра алады.

Сондай-ақ кәсіпкер тағайындалған тексеру туралы хабарламаны алған соң, тексеру басталғанға дейін тексеру барысында қойылатын талаптармен таныса алады. Тексеру аяқталған соң, кәсіпкер қосымша арқылы көрсетілген бұзушылықтар туралы тексеру қорытындысымен таныса алады.

Ұялы қосымшада тағайындалған тексеру туралы хабарлау және тексерушінің іс-әрекетіне шағымдану мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы бұл қосымша 2017 жылдың наурызынан бастап қолданысқа енгізілген және мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Г.ТЛЕУЖАН,

Азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторының, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «АШ» баспа үйі ЖПС сенімгерлік

баспауында «Сыр медиа» ЖПС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1993

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА